



## Баспасөз хабарламасы

27 сәуір 2020 жыл

### Банк ВТБ (Қазақстан) ТЖ кезеңінде отандық бизнесті 1 млрд теңгеге қолдады

Республикада ТЖ режимі енгізілген сәттен бастап Банк ВТБ (Қазақстан) коронавирус пандемиясынан зардап шеккен ел кәсіпкерлерін қолдауға бағытталған шаралар кешенін қабылдайды. Ағымдағы сәтте ВТБ ШОБ субъектілері үшін қарыздар бойынша кейінге қалдыруға 200 өтінімді немесе келіп түскен өтініштердің жалпы санының шамамен 90% мақұлдады.

Сонымен қатар, сәуір айының басында Банк ТЖ кезеңінде бизнесті қолдауға бағытталған Шағын және орта кәсіпкерлікті жеңілдікпен кредиттеу мемлекеттік бағдарламасының қатысушысы болды. Бөлінген лимит 9 млрд теңгені құрады.

Осы бағдарлама аясында соңғы қарыз алушыларға жылдық 8%-ға дейінгі ең төменгі сыйақы ставкасы бойынша 1 млрд. теңгеге жуық қаражат жұмсалды. Қаржыландыру қандай да бір комиссияларды алмай беріледі. Жеңілдетілген кредит ағандардың арасында сауда және құрылыс материалдарын өндіру сияқты экономика салаларының кәсіпкерлері бар.

- Біз қазір бизнес пен карантин кезеңінде өз қызметін тоқтатуға мәжбүр болған ұйымдарда жұмыс істейтін адамдар қандай қиын жағдайға тап болғанын түсінеміз. Өз тарапымыздан біз қазір корпоративтік клиенттерімізге қолдау көрсету үшін барлық мүмкіндіктерді жасауға тырысамыз және жағдай толық тұрақтандырылғанға дейін оны жалғастырамыз, - дейді **Банк ВТБ (Қазақстан) Басқармасының төрағасы Дмитрий Забелло**.

Жеңілдікті кредит беру бағдарламасына ТЖ режимін енгізу салдарынан қаржылық жағдайдың нашарлауын растайтын ШОБ өкілдері қатыса алады. Қарыз 12 айға дейінгі мерзімге беріледі. Заңды тұлғалардың ішінен бір қарыз алушыға лимит – 3 млрд. теңгеге дейін, ЖК үшін – 50 млн. теңгеге дейін. Кредитті мақсатты пайдалану – айналым қаражатын толықтыру. Жеңілдікті кредиттеуге арналған барлық өтінімдер мен құжаттарды Банкке электрондық нысанда жіберуге болады.

Жеңілдетілген кредит алу мәселелері бойынша ШОБ клиенттері үшін [SMB\\_VTB@vtb-bank.kz](mailto:SMB_VTB@vtb-bank.kz) электрондық пошта жәшігіне жүгінуге болады. Сонымен қатар, банктік қызмет көрсету мәселелері бойынша толық ақпаратты сіз жедел желінің 8 (727) 330 47 00 телефоны бойынша ала аласыз немесе біздің [сайтта](#) таныса аласыз.

#### **Анықтама:**

*Банк ВТБ (Қазақстан) АҚ ЕҰ – ВТБ халықаралық қаржы тобына кіреді. Банк Қазақстанның қаржы нарығында 10 жыл бойы табысты жұмыс істеп келеді. Бүгінгі таңда Банк ВТБ (Қазақстан) АҚ ЕҰ еліміздің барлық өңірлерінде орналасқан 17 филиалдан тұратын филиалдық желісі бар. S&P Global Ratings деректері бойынша ВТБ (Қазақстан) Қазақстанның барлық ЕДБ арасында ең жоғары кредиттік рейтингке ие болып отыр. Банктің Орталық кеңсесі Алматы қаласында орналасқан. 2020 жылғы 3 ақпандағы №1.2.14/39 ҚР Ұлттық Банкінің лицензиясы.*

**Қосымша түсінік алу үшін Сіз әрдайым баспасөз қызметіне хабарласа аласыз:**

*Арина Пирогова*

*Банк ВТБ (Қазақстан) АҚ ЕҰ*

*Тел: 8 (727) 330 59 20 ішкі 59 20*

*e-mail: [A.Pirogova@vtb-bank.kz](mailto:A.Pirogova@vtb-bank.kz)*

*web: [www.vtb-bank.kz](http://www.vtb-bank.kz)*